

DEXP

Пайдаланушы нұсқаулығы

**Шаш қырқатын машина
DEXP HC-0130FCPD**

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Жұмысты бастамас бұрын, қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты


Шаш қырқатын машина — шашты қырқуға және оны түзеуге арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналмаған. Балаларға бұл құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғыны суға салуға немесе ағын судың астында жууға тыйым салынады. Тарауыш қондырмасын ғана ағын судың астында ұстап жууға болады.
- Құрылғыны судың жанында пайдалануға болмайды. Құрылғыны ваннада, душта, бассейнде немесе ылғалдылығы жоғары басқа бөлмелерде пайдаланбаңыз. Құрылғы өшірулі болса да, судың жақындығы қауіп төндіреді.
- Құрылғыны суланған қолмен ұстауға тыйым салынады.
- Құрылғыны +5 °C бастап +35 °C дейінгі температурада пайдалану, қуаттау және сақтау керек.
- Тек жеткізілімнің жиынтықтамасына кіретін керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз.
- Құрылғыны тек мақсатына сәйкес пайдалану керек.
- Кесетін блогы ақаулы немесе тозған құрылғыны пайдалануға болмайды: одан жарақат алу әбден мүмкін.
- Құрылғыны желіден ажырату үшін оның кәбілінен тартып суыруға болмайды.
- Құрылғыда ақау болса, оны пайдалануға болмайды.
- Кабелі ақаулы құрылғыны қолдануға болмайды. Кабельді майыстыруға болмайды.
- Құрылғыны жөндеу немесе тексерту үшін тек қана авторизацияланған сервистік орталыққа жүгінген жөн болады. Біліктілігі жоқ тұлғаға жөндеу пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайлар туғызуы мүмкін.
- Пайдаланып болған соң құрылғыны өшіріңіз.

- Бұл құрылғы коммерциялық пайдалануға немесе салондарда қолдануға арналып жасалмаған.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Бұл құрылғыны жасанды шаштарды және жануарлардың жүндерін қырқу үшін пайдаланбаңыз.
- Құлатып алмау үшін құрылғыны бекітіңіз.
- Құрылғыны құрғақ және балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.

Құрылғының сұлбасы



1. Филірлеуге арналған қондырма.
2. Қырқудың ұзындығын реттегіш.
3. Қосу/өшіру батырмасы.
4. Дисплей.
5. Қырқудың ұзындығы индикаторы.
6. Қуаттау деңгейі.
7. Қуаттау индикаторы.
8. Майдың белгісі.
9. Бұғаттау.
10. Қондырма тарақ 4 бастап 30 мм дейін.
11. Қуаттау станциясы.

Құрылғыны қуаттау

1. Қуаттау станциясын тегіс, құрғақ бетке орналастыру керек.
2. Қуаттау сымының ашасын қуаттау қосқышына салыңыз және қуат сымын желіге қосыңыз.
3. Құрылғы толығымен зарядталғаннан кейін оны қуаттағыштан және желіден ажыратыңыз.

Пайдалану нұсқаулығы

- Құрылғыны бұғаттау/кері бұғаттау үшін қосу/өшіру батырмасын 3 секундтай басып тұрыңыз.
- Құрылғыны қосқан кезде дисплейде май таңбасы пайда болады, ол машинаның кесу блогын үнемі тазалап, майлауды еске салады.

Шаш қырқу

1. Қырқуды бастамас бұрын шаштарды мұқият тарап алыңыз. Шаштарыңыз құрғақ болуы тиіс.
2. Лайықты тарақты таңдап, қажетті болатын қырқу ұзындығын белгілеңіз.
3. Шашты қырқыңыз.

ЕСКЕРТУ: тарақтың тегіс бетін бас терісіне басып, шаш өскен бағытына қарсы қаратып сол бағытта қырқыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: тарақты тек қосулы құрылғыға орнатыңыз.

Контурларды және сақалды қырқу

1. Самайды, сақалды, мұртты пішіндеу үшін, сондай-ақ қысқа сақалды сәндеу үшін шаш қыстырғышсыз қондырма тарақты пайдаланыңыз.
2. Реттегіштің көмегімен қырқудың керекті болатын ұзындығын белгілеңіз. Дисплейде таңдалған қырқудың ұзындығы көрсетіліп тұрады.
 - 0 - 2,8 мм;
 - 1 - 2,2 мм;
 - 2 - 1,5 мм;
 - 3 - 0,8 мм.
3. Шашты қырқыңыз.

Тазалау және күтім жасау

Қуаттау станциясын тазалау

1. Қуаттау құрылғысын электр желісінен және де құрылғыдан ажыратыңыз.
2. Қуаттау құрылғысын дымқыл шүберекпен сүртіп алыңыз.
3. Қуаттау құрылғысын тазалап болған соң құрғақ шүберекпен мұқият сүртіңіз.

Қондырмаларды тазалау

1. Құрылғыдан қондырма тарақты шығарып алыңыз.
2. Тарақты ағын судың астында жуыңыз.
3. Тарақты құрғатып сүртіңіз.

Шаш қырқуға арналған машинаны тазалау

1. Құрылғыдан кесетін блокты шешіңіз.
2. Қылшақпен кесетін блокты шаштардан тазартыңыз.
3. Тазалап болған соң кесетін блоктың жүзіне бірнеше тамшы майды жағыңыз.
4. Жұмсақ шүберектің көмегімен майдың артығын сүртіп тастаңыз.
5. Кесетін блокты құрылғыға қайта салыңыз.

ЕСКЕРТУ: құрамында қышқылы болмайтын машина майын пайдаланыңыз.

Жиынтықтамасы

- Шаш қырқатын машина.
- Тарақ - 6 дана (4 - 6 мм, 7 - 9 мм, 10 - 12 мм, 18 мм, 24 мм, 30 мм).
- Филірлеуге арналған қондырма.
- Тарақ.
- Тазалауға арналған қылшақ.
- Май.
- Қуаттау станциясы.
- Адаптер.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: HC-0130FCPD.
- Қуаттау: аккумулятор 3,7 В Li-Ion, 800 мАс.
- Қуаттау адаптерінің параметрлері:
 - Кіріс: 220-240 В, 50 Гц, 0.2 А.
 - Шығыс: 5 В=1000 мА.
- Автономды жұмыс жасау уақыты: 90 минутқа дейін.
- Қуаттау уақыты: 90 минут.
- Қырқудың минималды ұзындығы:
 - Қондырмасыз: 0.8 мм.
 - Ұштықпен: 4 мм.
- Қырқудың максималды ұзындығы: 30 мм.
- Жүздерінің материалы: керамика.
- Дисплей.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырып тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабилдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Юйяо Сити Хуалин Электрик Ко., Лтд.
Шансиньу, Сымэнь, Юйяо қ., Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexr.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



www.dexp.club